	<p><b>Тақырыбы:</b> “Бір, екі ... секіреміз!” (пысықтау)</p> <p><b>Міндеттері:</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындауға үйрету.</p> <p><b>Жалпы дене жаттығулары :</b> Қолды жоғары созу, тыныс алу жаттығулары. Қолмен айналым жасау. Денені оң–солға бұру. Тізені бүгіп–жазу. Орнында екі аяқпен секіру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> 1. 6 метр тұзу жолақпен секіру Балалар кезекпен екі аяқпен секіріп өтеді. Тепе-теңдік сақтауға назар аудару. 2. Асықты дәлдеу Шеңбер ішіндегі нысанаға асықты дәлдеп лақтыру. Дұрыс бағыттау, күшті дұрыс қолдануға жаттықтыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> “Алға секір!” Ережесі : Балалар сызықтың артына тұрады. Белгі бойынша кезекпен алға бірнеше рет секіреді. Тұзу бағыттан шықпау керек. Кім бағытын бұзбай әрі секірсе – жеңімпаз.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b> “Асық ату” (жеңілдетілген) Ережесі:</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> “Арқаннан екпінмен қарғу”</p> <p><b>Міндеттері:</b> Бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестірудегі қимылдарын жетілдіру.</p> <p><b>Жалпы дене жаттығулары:</b> Қолды жоғары көтеріп созылу. Қол мен аяққа арналған жеңіл жаттығулар (айналдыру, иілу). Денені оң–солға бұру. Орнында жеңіл секіру. Тізені жоғары көтеріп, орнында жүру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> 1. Арқаннан екпінмен секіру Балалар кезекпен арқаннан секіреді. Тез қарғуды, тепе-теңдікті сақтау. 2. Сапта жүгіру Бірінің артынан бірі, ара қашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүру. 3. Гимнастикалық орындықта тартылу Екі қолмен ұстап, өз салмағын қолдана отырып еңбектеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> “Жылдам секіру” Ережесі (қысқа): Балалар сапқа тұрады. Арқаннан кезекпен секіреді, ең жылдам әрі дұрыс орындаған жеңеді. Құламай, саптық ара қашықтықты сақтайды.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b> “Арқан тарту” (жеңілдетілген) Ережесі: Екі топ арқанның екі жағынан ұстап тартады. Белгіленген сызыққа қарсы топты тартып</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> “Арқаннан тез қарғу”</p> <p><b>Міндеттері:</b> 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жалпы дене жаттығулары (қысқа нұсқа):</b> Қолды жоғары көтеріп созылу. Қол мен аяқты айналдыру, иілу. Орнында жеңіл секіру. Тізені көтеріп жүру. Денені оң–солға бұру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Арқаннан тез қарғу (екі аяқпен секіру, жылдамдық). Кедергілер арасынан еңбектеу (қолды еденге тигізбей). Оң және сол аяқты кезектестіріп секіру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> “Жылдам қарғу” Ережесі (қысқа): Балалар сапқа тұрады. Кезекпен белгіленген жолақ бойынша арқаннан және кедергілерден қарғу. Құламай, саптық арақашықтықты сақтап өту керек. Ең жылдам әрі дұрыс орындаған жеңеді.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b> “Асық ату” (жеңілдетілген) Ережесі: Нысанаға асық лақтыру. Кім дәл тигізсе – ұпай алады. Артықкүшпен лақтыруға болмайды</p>	

	Алаңға 1–3 асық қойылады. Балалар кезекпен өз асығын лақтырады. Кім дәл тигізсе – ұпай алады. Асықты тым жоғары лақтыруға болмайды.	жеткізсе, сол топ жеңеді. Қолды босатуға немесе шалуға болмайды.		
--	--	---	--	--

Дене тәрбиесінұсқаушысы: Кожаметов А.С

Әдіскер

Г.Мамырова

Жоспардың құрылу кезеңі 15 желтоқсан – 19 желтоқсан 2025 жыл

Дүйсенбі 15.12.	Сейсенбі 16.12.	Сәрсенбі 17.12.	Бейсенбі 18.12	Жұма 19.12
	10.35 – 10.55	09.00 – 09.20	10.15-10.35	
		<p><b>Тақырыбы:</b> “Бір, екі ... секіреміз!” (пысықтау) <b>Міндеттері:</b> Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіруге үйрету. <b>Жалпы дене жаттығулары :</b> Қолды жоғары созу, тыныс алу жаттығулары. Қолмен айналым жасау. Денені оң–солға бұру. Тізені бүгіп–жазу. Орнында екі аяқпен секіру. <b>Негізгі қимылдар:</b> 1. 6 метр түзу жолақпен секіру Балалар кезекпен екі аяқпен секіріп өтеді. Тепе-теңдік сақтауға назар аудару. 2. Асықты дәлдеу Шеңбер ішіндегі нысанаға асықты дәлдеп лақтыру. Дұрыс бағыттау, күшті дұрыс қолдануға жаттықтыру. <b>Қимылды ойын:</b> “Алға секір!” Ережесі : Балалар сызықтың артына тұрады. Белгі бойынша кезекпен алға бірнеше рет секіреді. Түзу бағыттан шықпау керек. Кім бағытын бұзбай әрі секірсе – жеңімпаз. <b>Ұлттық ойын:</b> “Асық ату” (жеңілдетілген) Ережесі: Алаңға 1–3 асық қойылады.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> “Арқаннан екпінмен қарғу” <b>Міндеттері:</b> Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыруға үйрету. <b>Жалпы дене жаттығулары:</b> Қолды жоғары көтеріп созылу. Қол мен аяққа арналған жеңіл жаттығулар (айналдыру, иілу). Денені оң–солға бұру. Орнында жеңіл секіру. Тізені жоғары көтеріп, орнында жүру. <b>Негізгі қимылдар:</b> 1. Арқаннан екпінмен секіру Балалар кезекпен арқаннан секіреді. Тез қарғуды, тепе-теңдікті сақтау. 2. Сапта жүгіру Бірінің артынан бірі, ара қашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүру. 3. Гимнастикалық орындықта тартылу Екі қолмен ұстап, өз салмағын қолдана отырып еңбектеу. <b>Қимылды ойын:</b> “Жылдам секіру” Ережесі (қысқа): Балалар сапқа тұрады. Арқаннан кезекпен секіреді, ең жылдам әрі дұрыс орындаған женеді. Құламай, саптық ара қашықтықты сақтайды. <b>Ұлттық ойын:</b> “Арқан тарту” (жеңілдетілген) Ережесі:</p>	

		Балалар кезекпен өз асығын лақтырады. Кім дәл тигізсе – ұпай алады. Асықты тым жоғары лақтыруға болмайды.	Екі топ арқанның екі жағынан ұстап тартады. Белгіленген сызыққа қарсы топты тартып жеткізсе, сол топ жеңеді. Қолды босатуға немесе шалуға болмайды.	
--	--	---	---	--

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Кожухметов А.С

Әдіскер

Г.Мамырова

Дүйсенбі 22.12.	Сейсенбі 23.12.	Сәрсенбі 24.12.	Бейсенбі 25.12	Жұ 26.
	10.35 – 10.55	09.00 – 09.20	10.15-10.35	
	<p><b>Тақырыбы:</b> “Биікке секіріп шығу”</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіруге дағдыландыру.</p> <p><b>Жалпы дене жаттығулары :</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қолды жоғары көтеріп созылу.</li> <li>2. Иықпен, қолмен айналмалы қимылдар.</li> <li>3. Денені оң–солға бұру.</li> <li>4. Төмен жүзгендей отырып-тұру (жеңіл).</li> <li>5. Орнында жеңіл секіру (жұмсақ қону).</li> </ol> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Биікке секіру (20 см-ге дейін) Алдымен белгіленген сызықтан екпінсіз секіру. Одан кейін 20 см биіктіктегі жіңішке кедергіден (жіп, резинка, планка) секіру. Қону кезінде екі аяқпен, тізені сәл бүгіп түсу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> “Секір де, қуып жет!”</p> <p>Ережесі:</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> “Допты оң және сол қолмен жерге кезек-кезек ұрғылап, 5 м жүріп өту”</p> <p><b>Міндеттері:</b> Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыруға (2 метр қашықтықтан) үйрету.</p> <p><b>Жалпы дене жаттығулары :</b> Қолды жоғары көтеріп созылу. Қол мен иықты айналдыру, денені иілу. Орнында жеңіл секіру. Тізені жоғары көтеріп жүру немесе жеңіл жүгіру. Денені оң–солға бұру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Допты оң және сол қолмен кезек-кезек жерге ұрғылап, 5 м жүріп өту. Қозғалысты тепе-теңдікпен және дәлдікпен орындау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> “Кім әрі және дәл ұрады?”</p> <p>Ережесі (қысқа): Балалар сызық артынан тұрады. Белгі берілгенде әр бала кезекпен 5 м жүреді, допты жерге ұрғылайды. Ең жылдам әрі дәл орындаған жеңеді.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b> “Сақина салу”</p> <p>Ережесі: Нысанаға сақинаны немесе шағын допты лақтыру. Кім дәл тигізсе – ұпай алады. Артық күшпен немесе бағытсыз лақтыруға болмайды</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> “Допты қолдан-қолға ауыстырып жүру”</p> <p><b>Міндеттері:</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындауға үйрету.</p> <p><b>Жалпы дене жаттығулары :</b> Қолды жоғары көтеріп созылу. Қол мен аяқты айналдыру, денені иілу. Орнында жеңіл секіру. Тізені жоғары көтеріп жүру/жеңіл жүгіру. Денені оң–солға бұру, айналу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Допты қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық және кедір-бұдыр тақтай үстімен жүру. Сызықтан аттап секіру. Сапқа қайта тұру және оңға/солға бұрылу. Тұрған орнында айналу жаттығуларын орындау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> “Доппен жолды кесіп өт”</p> <p>Ережесі : Балалар кезекпен орындық және кедір-бұдыр тақтай үстінен допты қолдан-қолға ауыстыра отырып жүреді. Саптық арақашықтық сақталады. Ең дұрыс және жылдам орындаған жеңеді.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b> “Шеңбер асық” (жеңілдетілген)</p> <p>Ережесі: Шеңбер ортасына асық немесе доп қойылады. Балалар кезекпен допты немесе асықты нысанаға лақтырады. Кім дәл тигізсе – ұпай алады. Артық күшпен немесе бағытсыз лақтыруға болмайды</p>	

<p>Балалар белгіленген жерден секіріп өтеді (кедергі арқылы). Секіріп өткен бала алға қарай жеңіл жүгіреді. Келесі бала оны қуып жетуге тырысады. Қауіпсіздік үшін қашықтық қысқа, қарқын жеңіл. <b>Ұлттық ойын:</b> “Арқан тарту” (жеңілдетілген) Ережесі: Балалар екі топқа бөлінеді. Шағын арқан немесе лента екі жағынан ұсталады. Белгі берілгенде балалар арқанды өз жағына тартуға тырысады. Топтықбірлік пен күш-қуаттыдамытуғабағытталған.</p>			
---	--	--	--

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Кожаметов А.С

Әдіскер

Г.Мамырова

Жоспардың құрылу кезеңі 29 желтоқсан – 02 қаңтар 2026 жыл

Дүйсенбі 29.12.	Сейсенбі 30.12.	Сәрсенбі 31.12.	Бейсенбі 01.01	Жұма 02.01
	10.35 – 10.55	09.00 – 09.20	10.15-10.35	
	<p><b>Тақырыбы:</b> “Допты жерге соғу ойындары”</p> <p><b>Міндеттері:</b> Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыруға тәрбиелеу</p> <p><b>Жалпы дене жаттығулары:</b> Қолды жоғары көтеріп созылу. Қол мен аяқты айналдыру, денені иілу. Орнында жеңіл секіру. Тізені жоғары көтеріп жүру/жеңіл жүгіру. Денені оң–солға бұру, айналу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Допты артқы жағынан қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық және кедір-бұдыр тақтай үстімен жүру. Қозғалыс кезінде тепе-теңдікті сақтау. Әр қадам сайын допқа назар аудару.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> “Доппен жолды кесіп өт” Ережесі (қысқа): Балалар кезекпен орындық және кедір-бұдыр тақтай үстінен допты артқы жағынан қолдан-қолға ауыстыра отырып жүреді. Саптық арақашықтық сақталады. Ең дұрыс және үйлесімді орындаған жеңеді.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b> “Шеңбер асық” Ережесі: Шеңбер ортасына асық немесе доп қойылады. Балалар кезекпен допты немесе асықты нысанаға лақтырады. Кім дәл тигізсе – ұпай алады. Артықкүшпен немесе бағытсызлақтыруға болмайды.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> “Екі тобықтың арасына допты қысып жүру”</p> <p><b>Міндеттері:</b> Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеуге үйрту.</p> <p><b>Жалпы дене жаттығулары :</b> Қолды жоғары көтеріп созылу. Қол мен аяқты айналдыру, денені иілу. Орнында жеңіл секіру. Тізені жоғары көтеріп жүру/жеңіл жүгіру. Денені оң–солға бұру, айналу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Екі тобықтың арасына допты қысып жүру. Сапқа қайта тұру және оңға/солға бұрылу. Қозғалысты тепе-теңдікпен орындау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> “Допты қысып өту жарысы” Ережесі : Балалар кезекпен белгіленген жолақ арқылы допты тобық арасына қысып жүреді. Саптық арақашықтықты сақтау қажет. Ең дұрыс және жылдам орындаған жеңеді.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b> “Асық ату” (жеңілдетілген) Ережесі: Нысанаға асық лақтыру. Кім дәл тигізсе – ұпай алады. Артықкүшпен немесе бағытсызлақтыруға болмайды.</p>		

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Кожаметов А.С

Әдіскер

Г.Мамырова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы қаңтар айы, 2026 жыл**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК №8 «Күншуақ»бөбекжай-балабақшасы

**Топ:** ересек «Қошақан» тобы

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 05 қаңтар – 09қаңтар 2026 жыл

<b>Дүйсенбі 05.01.</b>	<b>Сейсенбі 06.01.</b>	<b>Сәрсенбі 07.01.</b>	<b>Бейсенбі 08.01</b>	<b>Жұма 09.01</b>
	10.35 – 10.55	09.00 – 09.20	10.15-10.35	
	<p><b>Тақырыбы:</b> “Допты жерге соғу ойындары”  <b>Міндеттері:</b>                      Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет)қызығушылықты арттыру.  <b>Жалпы дене жаттығулары:</b>                      Қолды жоғары көтеріп созылу.                      Қол мен аяқты айналдыру, денені иілу.                      Орнында жеңіл секіру.                      Тізені жоғары көтеріп жүру/жеңіл жүгіру.                      Денені оң–солға бұру, айналу.  <b>Негізгі қимылдар:</b>                      Допты артқы жағынан қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық және кедір-бұдыр тақтай үстімен жүру.                      Қозғалыс кезінде тепе-теңдікті сақтау.                      Әр қадам сайын допқа назар аудару.  <b>Қимылды ойын:</b> “Доппен жолды кесіп өт”                      Ережесі (қысқа):                      Балалар кезекпен орындық және кедір-бұдыр тақтай үстінен допты артқы жағынан қолдан-қолға ауыстыра отырып жүреді.                      Саптық арақашықтық сақталады.                      Ең дұрыс және үйлесімді орындаған жеңеді.  <b>Ұлттық ойын:</b> “Шеңбер асық”</p>		<p><b>Тақырыбы:</b> Текшеге дейін алға қозғалып ,екі аяқта секіру.  <b>Міндеттері:</b>20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіруге қызығушылықты арттыру  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>                      Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру.  <b>Негізгі қимылдар:</b> белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.</p>	

	<p>Ережесі:          Шеңбер ортасына асық немесе доп қойылады.          Балалар кезекпен допты немесе асықты нысанаға лақтырады.          Кім дәл тигізсе – ұпай алады.          Артықкүшпен немесе бағытсыз лақтыруға болмайды.</p>		<p><b>Музыкалық-ырғақтық жаттығығулар:</b> балалар қайталайтын және өз элементтерін енгізетін таныс дене жаттығуларын музыкамен әдемі, көрікті орындауды көрсетеді.  <b>Спорттық жаттығулар:</b> Алға қозғалу арқылы секірулерді қалптастыру.  <b>Спорттық ойын элементтері:</b> "Допты жіберме" Доппен ойнату. Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, түрлі бағытта қойылған доптарды лақтыру.  <b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту түрлі қимылды ойындар ойнату. Балалардың көңіл күйін бақылау. Қауіпсіздік ережесін сақтау.</p>
--	--	--	---

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Кожаметов А.С

Әдіскер

Г.Мамырова

Жоспардың құрылу кезеңі 12 қаңтар – 16 қаңтар 2026 жыл

Дүйсенбі 12.01.	Сейсенбі 13.01.	Сәрсенбі 14.01.	Бейсенбі 15.01	Жұма 16.01
	10.35 – 10.55	09.00 – 09.20	10.15-10.35	
	<p><b>Тақырыбы:</b>«Спорт – көркі өмірдің»  <b>Міндеттері:</b>                      Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өтуде ағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Құрал-жабдықтар:</b>                      Доптар (әр балаға 1), 40 см биіктіктегі жіп (арқан), конустар, шеңберлер, жалаушалар, гимнастикалық төсеніштер.</p> <p><b>Жалпы жаттығулар:</b>                      1. Сапқа тұру, сәлемдесу.                      «Сәлем, спорт!» – ұраны арқылы сабаққа қызығушылық ояту.                      2. Тыныс алу жаттығулары: «Терең тыныс алайық, спортшылардай болайық!»                      3. Қол мен иыққа арналған жаттығулар:                      – Қолды екі жаққа созып, айналдыру.                      – Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру.                      4. Аяққа арналған жаттығулар:                      – Орындарында секіру (2–3 рет).                      – Бір аяқпен секіріп жүру.                      5. Төрт тағандап еңбектеу жаттығуы:                      – 40 см биіктіктегі жіптің астынан еңбектеп өту (қолды еденге тигізбей).</p> <p><b>Қимылды ойын:</b></p>	<p><b>Тақырыбы:</b>«Қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүру»  <b>Міндеттері:</b>                      Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүруге дағдыландыру</p> <p><b>Құрал-жабдықтар:</b>                      Арқан (немесе гимнастикалық қанат), шеңберлер, конустар, жалаушалар, музыкалық сүйемелдеу, төсеніштер.</p> <p><b>Жалпы жаттығулар:</b>                      1. Сапқа тұру, сәлемдесу.                      – Тәрбиеші рапорт қабылдайды, балалар сапқа өз еріктерімен тұрады.                      2. Тыныс алу жаттығулары:                      – «Күнге қарап тыныс аламыз» (терең дем алу, шығару).                      3. Қол мен иыққа арналған жаттығулар:                      – Қолды жоғары көтеру, екі жаққа сермеу, айналдыру.                      4. Аяқ пен тепе-теңдікке арналған жаттығулар:                      – Бір аяқпен тұру, екінші аяқпен алға-артқа сермеу.                      – «Қанат үстімен жүруге дайындал» жаттығуы (жерге сызылған сызық бойымен жүру).</p> <p><b>Қимылды ойын:</b>                      «Тепе-теңдікті сақта!»                      Мақсаты: Балаларды тепе-теңдік сақтап</p>	<p><b>Тақырыбы:</b>«Допты еденнен ыршытып жоғары лақтыру»  <b>Міндеттері:</b>                      Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алуға (қатарынан 3–4 рет).                      дағдыландыру.</p> <p><b>Құрал-жабдықтар:</b>                      Доптар (әр балаға бір-бірден), шеңберлер, конустар, жалаушалар, бағыт сызықтары, музыка.</p> <p><b>Жалпы жаттығулар:</b>                      1. Сапқа тұру, сәлемдесу, баянат қабылдау.                      2. Тыныс алу жаттығулары: «Күнге қарап терең дем аламыз».                      3. Қол жаттығулары:                      – Қолды жоғары-төмен көтеру;                      – Алға, артқа айналдыру.                      4. Аяқ жаттығулары:                      – Тізеден бүгіп жүру (2–3 метр аралықта);                      – Бір аяқпен секіру.                      5. Негізгі жаттығу:                      – Допты еденге ұрып, ыршытып жоғары лақтыру және қос қолмен қағып алу (4–5 рет қайталау).                      – Жұптасып, бір қатарда жүгіру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b>                      «Доп кімге барады?»                      Мақсаты: Балаларды допты дәл және тез лақтыруға, бір-біріне дұрыс беруге үйрету.</p>	

	<p>«Допты жіптен асыра лақтыр!»          Мақсаты: Балаларды қос қолмен жоғары және жіптің үстінен лақтыруға үйрету.          Өтуі: Екі топқа бөлінеді. Әр бала допты қос қолмен жоғары лақтырып, жіптің ар жағындағы шеңберге түсіруге тырысады. Кім көп дәл түсірсе – сол жеңеді.  <b>Ұлттық ойын:</b>          «Асық ату»          Мақсаты: Балалардың көз мөлшерін, дәлдігін және қол ептілігін дамыту.          Өтуі: Балалар белгіленген қашықтықтан асықты дәл көздеп атып, ұпай жинайды.</p>	<p>жүруге, бір-біріне кедергі келтірмей жүруге үйрету.          Өтуі: Балалар арқан бойымен кезекпен жүреді. Кім арқаннан түспей соңына жетсе – жеңімпаз.  <b>Ұлттық ойын:</b>          «Ақ серек, көк серек»          Мақсаты: Балалардың шапшаңдығын, ептілігін, батылдығын дамыту; ұжымдық ойын дағдысын қалыптастыру.          Өтуі: Екі топқа бөлініп, белгі бойынша бір-бірін шақырып, тартысу элементтері орындалады.</p>	<p>Өтуі: Балалар шеңберге тұрады, тәрбиеші белгі береді. Бір бала допты ыршытып, келесі балаға береді. Кім допты түсірмей 5 рет алмаса – жеңімпаз атанады.  <b>Ұлттық ойын:</b>          «Қаракұмық» (жеңілдетілген түрі)          Мақсаты: Шапшаңдық, дәлдік және ұжымдық әрекет дағдыларын дамыту.          Өтуі: Балалар «дән теруші» рөлінде, белгі берілгенде тез қимылдап, «дәндерді» (кішкентай шарларды) жинайды.</p>	
--	---	--	---	--

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Кожухметов А.С

Әдіскер

Г.Мамырова

Жоспардың құрылу кезеңі 19 қаңтар – 23 қаңтар 2026 жыл

Дүйсенбі 19.01.	Сейсенбі 20.01.	Сәрсенбі 21.01.	Бейсенбі 22.01	Жұма 23.01
	10.35 – 10.55	09.00 – 09.20	10.15-10.35	
	<p><b>Тақырыбы:</b>«Кел, күш сынасайық» (пысықтау сабағы) <b>Міндеттері:</b> Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылуға үйрету. <b>Құрал-жабдықтар:</b> Доптар, конустар, шеңберлер, ағаш кедергілер (аттап өтуге арналған), түзу сызық (таспа), бағыт сызықтары, музыка. <b>Жалпы жаттығулар:</b> 1. Сапқа тұру, сәлемдесу, баянат қабылдау. – Балалар өз еріктерімен сапқа тұрып, тәрбиеші рапорт қабылдайды. 2. Тыныс алу жаттығулары: – «Терең тыныс алып, спортшы болайық!» 3. Қол жаттығулары: – Қолды жоғары көтеріп, алға сермеу; айналдыру. 4. Аяқ жаттығулары: – Бір орында тұрып, тізені бүгіп, секіру (2–3 рет). – Тізеден бүгіле отырып жүру. <b>Қимылды ойын:</b> «Жылан жолы» Мақсаты: Балаларды ептілікке,</p>	<p><b>Тақырыбы:</b>«Гимнастикалық орындықта білек пен тізеге сүйене отырып еңбектеу» <b>Міндеттері:</b> Құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы кадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өтуге жетілдіру. <b>Құрал-жабдықтар:</b> Гимнастикалық орындықтар, төсеніштер, кедергілер (кішкентай конустар), ысқырық, музыка. <b>Жалпы жаттығулар:</b> 1. Сапқа тұру және сәлемдесу. Балалар өз еркімен сапқа тұрып, тәрбиешіні тыңдайды. 2. Тыныс алу жаттығулары: «Терең тыныс алып, биікке қол жеткізейік!» 3. Қол жаттығулары: Қолды алға, жоғары көтеру, айналдыру. 4. Аяқ жаттығулары: – Бір орында тұрып, тізені бүгіп жазу, өкшемен және ұшымен жүру. <b>Қимылды ойын:</b> «Кім тез еңбектейді?» Мақсаты: Балалардың жылдамдығын, ептілігін және бағыт ұстау дағдыларын дамыту.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b>«Кішкентай доптар» <b>Міндеттері:</b> Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту <b>Құрал-жабдықтар:</b> Кішкентай доптар немесе қапшықтар (әр балаға біреу), кедергілер (сызықтар, шеңберлер), музыка, ысқырық. <b>Жалпы жаттығулар:</b> 1. Сапқа тұру және сәлемдесу. – Балалар өз еркімен сапқа тұрып, тәрбиешімен амандасады. 2. Жүру жаттығулары: – Бір орында тұрып жүру, аяқ ұшымен, өкшемен жүру. 3. Қол және иық жаттығулары: – Қолды жоғары көтеру, айналдыру, сермеу. 4. Аяқ жаттығулары: – Тізені бүгіп жазу, бір орында секіру. 5. Негізгі жаттығу: – Тізенің арасына қапшықты (немесе кішкентай допты) қысып, екі аяқпен секіру (5–6 рет). – Белгіленген арақашықтыққа дейін секіру, бағыттан ауытқымау. <b>Қимылды ойын:</b> «Қапшықпен жарыс» Мақсаты: Балалардың жылдамдығын, шыдамдылығын, ептілігін арттыру. Өтуі: Балалар қатарға тұрып, тізелерінің арасына қапшық қысады. Белгі</p>	

	<p>шапшаңдыққа, бағытты сақтауға және тепе-теңдікке үйрету.</p> <p>Өтуі: Балалар белгі берілген кезде кезекпен бір-бірінің артынан «жыланша» ирелендеп жүгіреді. Кім сызықтан шықпай аяқтаса – сол топ жеңеді.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b></p> <p>«Күш сынасу» (жеңілдетілген түрі)</p> <p>Мақсаты: Балалардың күшін, төзімділігін және батылдығын дамыту.</p> <p>Өтуі: Балалар жұптасып, қолдарын түйістіріп, бір-бірін жеңіл итереді. Кім тепе-теңдігін сақтаса – жеңімпаз.</p>	<p>Өтуі: Балалар екі топқа бөлінеді. Белгі берілгенде әр бала кезекпен гимнастикалық орындық бойымен еңбектеп өтеді. Кім бірінші және дұрыс орындаса – сол топ жеңеді.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b></p> <p>«Арқан тартыс» (жеңілдетілген түрі)</p> <p>Мақсаты: Күш пен бірлікті дамыту, ұйымшылдық пен батылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Өтуі: Балалар екі топқа бөлініп, арқанды белгі бойынша тартады. Ережені сақтап, әділ ойнау талап етіледі.</p>	<p>берілгенде секіріп, мәреге дейін жетеді. Кім бірінші әрі дұрыс орындаса — сол жеңімпаз.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b></p> <p>«Сақина салу»</p> <p>Мақсаты: Балалардың байқағыштық қабілетін арттыру, шапшаңдық пен зеректікке баулу.</p> <p>Өтуі: Балалар дөңгеленіп отырады. Бір бала сақинаны айналдырып жүреді, қайда қалдырғанын байқайды. Кім тапса, сол жаңа жүргізуші болады.</p>	
--	--	---	--	--

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Кожухметов А.С

Әдіскер

Г.Мамырова

Жоспардың құрылу кезеңі 26 қаңтар – 30 қаңтар 2026 жыл

Дүйсенбі 26.01.	Сейсенбі 27.01.	Сәрсенбі 28.01.	Бейсенбі 29.01	Жұма 30.01
	10.35 – 10.55	09.00 – 09.20	10.15-10.35	
	<p><b>Тақырыбы:</b> «Пәрменмен секірейік»  <b>Міндеттері:</b> Дене белсенділігі (танертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту.  <b>Құрал-жабдықтар:</b>                      Доптар (әр балаға 1 дана), қабырға немесе қалқанша, шеңберлер, белгілер, ысқырық, конустар.  <b>Жалпы жаттығулар:</b>                      1. Сапқа тұру, амандасу.                      – Балалар тәрбиешінің пәрменімен сапқа тұрып, амандасады.                      2. Жүру жаттығулары:                      – Өртүрлі қарқында жүру (жай, жылдам, баяу).                      – «Токта!» пәрменінде қозғалысты тоқтату.                      – Қозғалыс бағытын өзгерту (оңға, солға бұрылу).                      3. Қол және иық жаттығулары:                      – Қолды жоғары көтеріп айналдыру.                      – Қолды жан-жаққа сермеу, иықты айналдыру.                      4. Аяқ жаттығулары:                      – Екі аяқпен қатар секіру.                      – Бір орында отырып-тұру.                      – Бір орында тұрып, қолмен теңселу</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Салт аттылар»  <b>Міндеттері:</b> Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасауға дағдыландыру.  <b>Құрал-жабдықтар:</b>                      Кішкентай конустар, гимнастикалық таяқшалар, секіргіштер, шеңберлер, ат бейнелі ойын құралдары (немесе орындықтар), ысқырық, доптар.  <b>Жалпы жаттығулар:</b>                      1. Сапқа тұру және амандасу.                      – Балалар «салт аттылар» ретінде тік тұрып, тәрбиешіні тыңдайды.                      2. Жүру жаттығулары:                      – Өртүрлі қарқында жүру (жай, орташа, жылдам).                      – Пәрмен бойынша тоқтау және бұрылу.                      3. Қол мен иық жаттығулары:                      – Қолды «аттың тізгінін ұстағандай» жоғары көтеріп, айналдыру.                      – Қолды жан-жаққа сермеу.                      4. Аяқ жаттығулары:                      – Екі аяқпен секіру.                      – Бір аяқпен кезек-кезек секіру.                      5. Негізгі жаттығу:                      – Заттарды аттап өту және араларымен екі аяқпен қосылып секіру (арақашықтығы 4 м).</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Қатар орналасқан таяқтардан екі аяқпен аттап секіру»  <b>Міндеттері:</b> 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру.  <b>Құрал-жабдықтар:</b>                      Гимнастикалық таяқшалар (4–5 дана), шеңберлер, конустар, секіргіштер, ысқырық, доп.  <b>Жалпы жаттығулар:</b>                      1. Сапқа тұру және амандасу.                      – «Біз спортшы балалармыз!» ұранымен көңіл-күй жаттығуы.                      2. Жүру жаттығулары:                      – Өртүрлі бағытта жүру (тік, шеңбер бойымен, бұрылып жүру).                      – Тәрбиеші пәрменімен тоқтау және қайта жүру.                      3. Қол жаттығулары:                      – Қолды жоғары-төмен сермеу, айналдыру, шапалақ соғу.                      4. Аяқ жаттығулары:                      – Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру.                      – Аяқтың ұшымен және өкшесімен жүру.                      5. Негізгі жаттығу:                      – Қатар орналасқан гимнастикалық таяқтардан (аралық 40–50 см) екі аяқпен секіріп өту.                      – Өр секіру кезінде тепе-теңдік сақтап, аяқтың ұшымен түсу.                      – Қол қозғалысын аяқ қимылымен</p>	

	<p>арқылы секіру.</p> <p>5. Негізгі жаттығу:</p> <p>– Допты қабырғаға ұрып, қос қолмен қағып алу.</p> <p>– Допты лақтырып, серігіне беру және қағып алу.</p> <p>6. Тыныс алу жаттығулары:</p> <p>– Терең дем алу және шығару («деммен бірге шар үрлеу» тәсілі).</p> <p><b>Қимылды ойын:</b></p> <p>«Пәрмен бойынша қимылда!»</p> <p>Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің пәрменін тыңдауға, тез әрі дәл орындауға үйрету.</p> <p>Өтуі:</p> <p>Тәрбиеші «жүр!», «тоқта!», «секір!», «қолды көтер!» сияқты пәрмендер береді. Балалар пәрменді дұрыс орындауы тиіс. Қате орындаған бала ойыннан шығып, бақылаушы болады.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b>«Қарағие»</p> <p>Мақсаты: Ептілік пен қырағылықты дамыту, қазақтың ұлттық ойын дәстүрін таныстыру.</p>	<p>– Секіру кезінде тепе-теңдік сақтау.</p> <p>6. Тыныс алу жаттығулары:</p> <p>– «Желмен жарысу» (терең дем алу, баяу шығару).</p> <p><b>Қимылды ойын:</b>«Ат шабыс»</p> <p>Мақсаты: Балалардың ептілігін, батылдығын және шапшаңдығын арттыру.</p> <p>Өтуі:</p> <p>Балалар «салт аттылар» кейпінде жүреді. Тәрбиеші «жарыс басталды!» дегенде балалар белгіленген бағытпен жүгіріп өтеді, жолда кедергілерді (таяқ, шеңбер, конус) аттап өтеді.</p> <p>Кім ережені бұзбай, кедергілерден дұрыс өтсе – сол жеңімпаз атанады.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b>«Көкпар» (жеңілдетілген түрі)</p> <p>Мақсаты: Ұлттық дәстүрді таныстыру, ұйымшылдық пен батылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>үйлестіру.</p> <p>6. Тыныс алу жаттығулары:</p> <p>– Терең дем алып, қолды жоғары көтеру; дем шығарып, еңкею.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Кім шапшаң секіреді?»</p> <p>Мақсаты: Ептілікті, шапшаңдықты, үйлесімді қозғалысты дамыту.</p> <p>Өтуі:</p> <p>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топтың алдында қатар қойылған таяқтар бар. Белгі бойынша бірінші ойыншы екі аяқпен барлық таяқтан секіріп өтіп, қайта оралады. Кім тез және дұрыс орындаса, сол топ жеңімпаз атанады.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b>«Қаздар мен аңшы»</p> <p>Мақсаты: Ұлттық дәстүр мен қимыл үйлесімін дамыту, тапқырлыққа және жылдам шешім қабылдауға тәрбиелеу.</p>	
--	--	---	---	--

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Кожухметов А.С

Әдіскер

Г.Мамырова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы ақпан айы, 2026 жыл**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК №8 «Күншуақ»бөбекжай-балабақшасы

**Топ:** ересек«Қошақан» тобы

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 02 ақпан – 06ақпан 2026 жыл

<b>Дүйсенбі 02.02.</b>	<b>Сейсенбі 03.02.</b>	<b>Сәрсенбі 04.02.</b>	<b>Бейсенбі 05.02</b>	<b>Жұма 06.02</b>
	<p align="center">10.35 – 10.55</p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Паровоз алдыға басып барады»  <b>Міндеттері:</b>                      Жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүруге баулу.  <b>Құрал-жабдықтар:</b> Секіртпе, жіп (биіктігі 40 см), белгілер (конустар), темір жол суреті немесе жол сызбасы, ойынмузыкасы.  <b>Жалпы жаттығулар:</b>                      1. Бой сергіту: “Қолды жоғары – төмен түсір” (2–3 рет).                      2. Иық жаттығулары: қолды айналдыру, иықты көтеру-түсіру.                      3. Аяқ жаттығулары: отырып-тұру, бір орында секіру.                      4. Денені еңкейту: оңға, солға, алға, артқа.</p>	<p align="center">09.00 – 09.20</p> <p><b>Тақырыбы:</b>Төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру  <b>Міндеттері:</b>                      Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұруға баулу.  <b>Құрал-жабдықтар:</b> Доптар (балалар санына қарай), конустар, жалаушалар, шеңберлер, гимнастикалық төсеніштер.  <b>Жалпы жаттығулар:</b>                      1.Сапқа тұру, сәлемдесу.                      2.Тыныс алу жаттығулары – «Күнге қарап тыныс алайық».                      3.Бас, иық, қол, тізе, аяқ бұлшықеттеріне арналған жалпы дамыту жаттығулары (3–5 рет қайталау).                      4.Төрт тағандап жүру жаттығулары (алдыға, артқа, айналып жүру).  <b>Қимылды ойын:</b></p>	<p align="center">10.15-10.35</p> <p><b>Тақырыбы:</b>«Спорт – көркі өмірдің»  <b>Міндеттері:</b>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындаудағдысын қалыптастыру.  <b>Құрал-жабдықтар:</b>                      Доптар (әр балаға 1), 40 см биіктіктегі жіп (арқан), конустар, шеңберлер, жалаушалар, гимнастикалық төсеніштер.  <b>Жалпы жаттығулар:</b>                      1. Сапқа тұру, сәлемдесу.                      «Сәлем, спорт!» – ұраны арқылы сабаққа қызығушылық ояту.                      2. Тыныс алу жаттығулары:                      «Терең тыныс алайық, спортшылардай болайық!»                      3. Қол мен иыққа арналған жаттығулар:                      – Қолды екі жаққа созып, айналдыру.                      – Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру.                      4. Аяққа арналған жаттығулар:</p>	

	<p>5. Тыныс алу жаттығуы: терең дем алу – шығару.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Паровоз» ойыны.</p> <p>Балалар бірінің артынан бірі тізіліп тұрады. Тәрбиеші “Паровоз жүрді” деп айтқанда балалар дыбыс шығарып (“чух-чух”) алға қарай жүгіреді, “Тоқта!” деген белгіде тоқтап, тыныс алады.</p> <p><b>Ұлттық ойын: «Қойым қашты»</b> (жеңілдетілген түрі)</p> <p>Бір бала “қойшы”, қалғандары “қойлар”. “Қойым қашты” дегенде қойлар тарап кетеді, ал қойшы оларды жинайды. Бұл ойын балаларды ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.</p>	<p>«Допты итер де, жет!»</p> <p>Мақсаты: Балаларды еңбектеп жүріп, баспен допты бағыттап итеруге үйрету.</p> <p>Өтуі: Балалар төрт тағандап тұрып, әрқайсысы өз доптарын басымен итеріп, белгіленген сызыққа дейін жеткізеді.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b></p> <p>«Қоян мен түлкі»</p> <p>Мақсаты: Балалардың шапшаңдық, қашу және қуу қозғалыстарын жетілдіру.</p> <p>Өтуі: Бір бала — «түлкі», қалғандары — «қояндар». Түлкі белгі бойынша қояндарды ұстайды.</p>	<p>– Орындарында секіру (2–3 рет).</p> <p>– Бір аяқпен секіріп жүру.</p> <p>5. Төрт тағандап еңбектеу жаттығуы:</p> <p>– 40 см биіктіктегі жіптің астынан еңбектеп өту (қолды еденге тигізбей).</p> <p><b>Қимылды ойын:</b></p> <p>«Допты жіптен асыра лақтыр!»</p> <p>Мақсаты: Балаларды қос қолмен жоғары және жіптің үстінен лақтыруға үйрету.</p> <p>Өтуі: Екі топқа бөлінеді. Әр бала допты қос қолмен жоғары лақтырып, жіптің ар жағындағы шеңберге түсіруге тырысады. Кім көп дәл түсірсе – сол жеңеді.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b></p> <p>«Асық ату»</p> <p>Мақсаты: Балалардың көз мөлшерін, дәлдігін және қол ептілігін дамыту.</p> <p>Өтуі: Балалар белгіленген қашықтықтан асықты дәл көздеп атып, ұпай жинайды.</p>
--	---	---	---

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Кожаметов А.С.

Әдіскер

Г.Мамырова

Жоспардың құрылу кезеңі 09 ақпан – 13 ақпан 2026 жыл

Дүйсенбі 09.02.	Сейсенбі 10.02.	Сәрсенбі 11.02.	Бейсенбі 12.02	Жұма 13.02
	<p>10.35 – 10.55</p> <p><b>Тақырыбы:</b> Сапқа тұр! <b>Міндеттері:</b> Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүруге дағдыландыру. <b>Құрал-жабдықтар:</b> Гимнастикалық орындықтар, белгі, арқан, әуен. <b>Жалпы жаттығулар:</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; Басты айналдыру Қол, аяқ, дене жаттығулары Қоянша секіру <b>Қимылды ойын:</b> «Кім жылдам еңбектейді?» <b>Ұлттық ойын:</b> «Арқан тарту»</p>	<p>09.00 – 09.20</p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өту» <b>Міндеттері:</b> 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеуге үйрету. <b>Құралдар:</b> жіп, шеңбер, конус, жалауша. <b>Жалпы дамыту жаттығулары:</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; (жүгіру, еңкею, қол айналдыру). Негізгі жаттығу: жіптің астымен тура және жанымен еңбектеу. <b>Қимылды ойын:</b> «Кім тез өтеді?» <b>Ұлттық ойын:</b> «Қуыр-қуыр, қуырмаш».</p>	<p>10.15-10.35</p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Кел, күш сынасайық» <b>Міндеттері:</b> Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындауға үйрету; <b>Жалпы дамыту жаттығулары:</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. алға қарай жылжи отырып секіру. <b>1.</b> «Күн мен жаңбыр» – денені сергіту, созылу жаттығулары. <b>2.</b> Қол, аяқ, иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар. <b>3.</b> Тепе-теңдік сақтау – бір аяқпен тұру, қолды жанға созу. <b>Қимылды ойын:</b> «Кім епті?» – балалар кедергілерден өтіп, заттар арасымен жүгіреді. <b>Ұлттық ойын:</b> «Арқан тарту» – күш пен бірлікті дамыту.</p>	

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Кожухметов А.С.

Әдіскер

Г.Мамырова

Жоспардың құрылу кезеңі 16 ақпан – 20 ақпан 2026 жыл

Дүйсенбі 16.02.	Сейсенбі 17.02.	Сәрсенбі 18.02.	Бейсенбі 19.02	Жұма 20.02
	10.35 – 10.55	09.00 – 09.20	10.15-10.35	
	<p><b>Тақырыбы:</b> «Достарыңа көмектес»  <b>Міндеттері:</b>                      Жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру дағдысын қалыптастыру.  <b>Құрал-жабдықтар:</b>                      Кедергілер (таяқшалар, шеңберлер, кубиктер), белгі таспалары, доптар, ысқырық, гимнастикалық төсеніштер.  <b>Жалпы жаттығулар:</b>                      1. Сапқа тұру, амандасу.                      – Балалар өз еркімен сапқа тұрып, тәрбиешімен амандасады.                      2. Жүру жаттығулары:                      – Өртүрлі қарқында жүру (жай, орташа, жылдам).                      – Тізені жоғары көтеріп жүру, өкшемен жүру, аяқ ұшымен жүру.                      3. Қол және иық жаттығулары:                      – Қолды жоғары көтеріп айналдыру, алға және артқа сермеу.                      4. Аяқ жаттығулары:                      – Заттардың арасынан секіру (екі аяқпен), аттап жүгіру.  <b>Қимылды ойын:</b>                      «Достарыңа көмектес!»                      Мақсаты: Балалардың шапшаңдығын, ұйымшылдығын</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Достарыңа көмектес» (пысықтау)  <b>Міндеттері:</b>                      Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру дағдысын жетілдіру.  <b>Құрал-жабдықтар:</b>                      Таяқшалар, шеңберлер, кубиктер, белгі таспалары, доптар, ысқырық, гимнастикалық төсеніштер.  <b>Жалпы жаттығулар:</b>                      1. Сапқа тұру, амандасу                      – Балалар шеңбер бойымен сапқа тұрып, тәрбиешімен амандасады.                      2. Жүру жаттығулары:                      – Өртүрлі қарқында жүру (жай, орташа, жылдам).                      – Тізені жоғары көтеріп жүру, өкшемен жүру, аяқ ұшымен жүру.                      3. Қол және иық жаттығулары:                      – Қолды жоғары көтеріп айналдыру, алға және артқа сермеу.                      4. Аяқ жаттығулары:                      – Таяқшалар мен кубиктердің арасымен екі аяқтап секіру (арақашықтық 4 м).                      – Заттарды аттап жүгіру.                      5. Тыныс алу жаттығуы:</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Бір орында екі аяқпен секіру»  <b>Міндеттері:</b>                      Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіруге үйрету.  <b>Құрал-жабдықтар:</b>                      Еңкіс тақтай (гимнастикалық орындық), секіргіштер, шеңберлер, белгілер, төсеніштер, ысқырық.                      Жалпы жаттығулар:                      1. Сапқа тұру, амандасу.                      – Балалар тәрбиешімен амандасып, сапқа өз еріктерімен тұрады.                      2. Жүру жаттығулары:                      – Аяқ ұшымен, өкшемен, сыртқы қырымен жүру.                      – Тізені жоғары көтеріп жүру.                      3. Қол және иық жаттығулары:                      – Қолды жоғары көтеріп айналдыру, шеңбер сызу.                      – Қолды жан-жаққа сермеу, иықты айналдыру.                      4. Аяқ жаттығулары:                      – Бір орында екі аяқпен секіру.                      – Айналып секіру (сағат тілімен және кері бағытта).                      – Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру.                      5. Тыныс алу жаттығулары:                      – Терең дем алып, қолды жоғары көтеру, дем шығару кезінде түсіру.  <b>Қимылды ойын:</b> «Секір, айнал да, тоқта!»                      Мақсаты: Балаларды белгі бойынша екі аяқпен секіріп, айналып тоқтауға үйрету.</p>	

	<p>арттыру, жолдасына қолдау көрсетуге тәрбиелеу.  Өтуі: Балалар екі топқа бөлінеді.  Белгі берілгенде бір бала кедергілерден секіріп өтіп, жолдасын қолынан ұстап, бірге мәреге жетеді.  Кім жылдам әрі дұрыс орындаса – сол команда жеңімпаз.  <b>Ұлттық ойын: «Арқан тарту»</b>  Мақсаты: Балаларды күш жұмсауға, бірлік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.  Өтуі: Балалар екі топқа бөлініп, арқанның екі жағын тартады.  Тәрбиеші әділ төреші болады.  Балалар өзара бірігіп, командалық рухты қалыптастырады.</p>	<p>– Терең тыныс алу және шығару, қолды жоғары көтеріп дем алу, түсіріп дем шығару.  <b>Қимылды ойын:</b>  «Достарыңа көмектес!»  Мақсаты: Шапшаңдық пен ұйымшылдықты дамыту, достарына қолдау көрсетуді үйрету.  Өтуі: Балалар екі топқа бөлінеді. Әр бала кедергілерден өтіп, секіріп, мәреге жеткен соң келесі досының қолынан ұстап, бірге жолды қайталайды. Соңғы топ мүшесі келгенше ойын жалғасады.  Жеңімпаз — ұйымшыл және тез команда.  <b>Ұлттық ойын: «Арқан тарту»</b>  Мақсаты: Күштілік пен бірлікті дамыту, әділдікке тәрбиелеу.  Өтуі: Балалар екі топқа бөлініп, арқанның екі ұшын тартады.  Тәрбиеші әділ төреші болады.  Балалар командалық рухпен бірігіп жеңіске жетуге тырысады.</p>	<p>Өтуі:  Тәрбиеші ысқырықпен белгі береді. Балалар екі аяқпен секіреді. «Айна!» дегенде тұрған орнында айналып секіреді, «Тоқта!» дегенде тік тұрып қалады. Ойын баланың назарын, шапшаңдығын және тепе-теңдігін дамытады.  <b>Ұлттық ойын: «Асық ату»</b>  Мақсаты: Ептілік пен дәлдікті дамыту, ұлттық ойын дәстүрлеріне қызығушылықты арттыру.  Өтуі: Балалар асықтарды белгілі бір қашықтыққа тізіп қояды. Кезекпен асық атып, дәл тигізуге тырысады. Жеңімпаз – ең көп асық ұтқан бала.</p>	
--	--	---	---	--

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Кожаметов А.С

Әдіскер

Г.Мамырова

Дүйсенбі 23.02.	Сейсенбі 24.02.	Сәрсенбі 25.02.	Бейсенбі 26.02	Жұма 27.02
	10.35 – 10.55	09.00 – 09.20	10.15-10.35	
	<p><b>Тақырыбы:</b> «Үйлесімділікті сақтаймыз»</p> <p><b>Міндеттері:</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау үйлесімділігін дамыту.</p> <p><b>Құрал-жабдықтар:</b> Гимнастикалық орындықтар, воландар, ракеткалар, конустар, ысқырық, шеңберлер.</p> <p><b>Жалпы жаттығулар:</b> 1. Сапқа тұру, амандасу. – «Біз денемізді шынықтырамыз!» ұранымен көңіл-күйді көтеру. 2. Жүру жаттығулары: – Әртүрлі бағытта жүру: шеңбермен, артқа, жантайып жүру. – Тәрбиеші пәрменімен тоқтап, қайта жүру. 3. Қол жаттығулары: – Қолды жоғары көтеріп, жанға сермеу. – Воланды ракеткамен қағып, түсірмей ұстау жаттығулары. 4. Аяқ жаттығулары: – Аяқты кезек-кезек көтеру, өкшемен және ұшымен жүру. 5. Негізгі жаттығу:</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Салт аттылар»</p> <p><b>Міндеттері:</b> Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіруге үйрету.</p> <p><b>Құрал-жабдықтар:</b> Кішкентай конустар, гимнастикалық таяқшалар, секіргіштер, шеңберлер, ат бейнелі ойын құралдары (немесе орындықтар), ысқырық, доптар.</p> <p><b>Жалпы жаттығулар:</b> 1. Сапқа тұру және амандасу. – Балалар «салт аттылар» ретінде тік тұрып, тәрбиешіні тыңдайды. 2. Жүру жаттығулары: – Әртүрлі қарқында жүру (жай, орташа, жылдам). – Пәрмен бойынша тоқтау және бұрылу. 3. Қол мен иық жаттығулары: – Қолды «аттың тізгінін ұстағандай» жоғары көтеріп, айналдыру. – Қолды жан-жаққа сермеу. 4. Аяқ жаттығулары: – Екі аяқпен секіру. – Бір аяқпен кезек-кезек секіру.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Басына қапшық қойып, бір жақ жанымен жүру»</p> <p><b>Міндеттері:</b> Жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүруге үйрету.</p> <p><b>Құрал-жабдықтар:</b> Қапшықтар (жұмсақ), арқан (жол сызығы ретінде), доптар, конустар, шеңберлер, ысқырық, кіші кедергілер.</p> <p><b>Жалпы жаттығулар:</b> 1. Сапқа тұру, амандасу, көңіл-күй жаттығуы. – Ұраны: «Біз ептіміз, біз жылдамбыз!» 2. Жүру жаттығулары: – Әртүрлі бағытта жүру (тік, жанымен, артқа, жартылай отырып). – Тәрбиеші пәрменімен тоқтау және бағыт өзгерту. 3. Қол мен иық жаттығулары: – Қолды айналдыру, жоғары-төмен көтеру, қапшықты тең ұстау. 4. Аяқ жаттығулары: – Өкшемен, ұшымен жүру, екі аяқпен жеңіл секіру. 5. Негізгі жаттығу: – Басына қапшық қойып, арқан үстімен бір жақ жанымен жүру. – Допты тура бағытта домалату. – Кедергілер арасымен қапшық түсірмей жүру. 6. Тыныс алу жаттығулары: – Терең дем алып, еңкейіп шығару (қол қозғалысымен үйлестіріп).</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Допты домалат»</p>	

	<p>– Гимнастикалық орындық астынан еңбектеу.</p> <p>– Воланды ракеткамен қағып, нысана бағытына лақтыру (дәлдікке үйрету).</p> <p>– Орындық үстімен теңгерім сақтап жүру (тепе-теңдікке арналған).</p> <p>6. Тыныс алу жаттығулары:</p> <p>– Қолды жоғары көтеріп терең дем алу, еңкейіп дем шығару.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Допты түсірме!»</p> <p>Мақсаты: Қолдың ептілігін, көз мөлшерін және үйлесімді қимылды дамыту.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b>«Асық ату»</p> <p>Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары арқылы дәлдікке, зейінділікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>5. Негізгі жаттығу:</p> <p>– Заттарды аттап өту және араларымен екі аяқпен қосылып секіру (арақашықтығы 4 м).</p> <p>– Секіру кезінде тепе-теңдік сақтау.</p> <p>6. Тыныс алу жаттығулары:</p> <p>– «Желмен жарысу» (терең дем алу, баяу шығару).</p> <p><b>Қимылды ойын:</b>«Ат шабыс»</p> <p>Мақсаты: Балалардың ептілігін, батылдығын және шапшаңдығын арттыру.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b>«Көкпар» (жеңілдетілген түрі)</p> <p>Мақсаты: Ұлттық дәстүрді таныстыру, ұйымшылдық пен батылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсаты: Допты тура бағытта домалату, қимыл үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Өтуі:</p> <p>Балалар екі қатарға бөлінеді. Әр бала өз кезегінде допты тура бағытта домалатып, конусқа дейін жеткізеді, содан соң кері алып келеді.</p> <p>Кім дәл және тез орындаса, сол жеңімпаз болады.</p> <p><b>Ұлттық ойын:</b>«Арқан тарту»</p> <p>Мақсаты: Бірлікке, күш пен төзімділікке тәрбиелеу, қол-аяқ үйлесімділігін дамыту.</p>	
--	---	---	---	--

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Кожухметов А.С.

Әдіскер

Г.Мамырова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы наурыз айы, 2026 жыл**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК №8 «Күншуақ»бөбекжай-балабақшасы

**Топ:** ересек«Қошақан» тобы

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 02 наурыз – 06наурыз 2026 жыл

<b>Дүйсенбі 02.03.</b>	<b>Сейсенбі 03.03.</b>	<b>Сәрсенбі 04.03.</b>	<b>Бейсенбі 05.03</b>	<b>Жұма 06.03</b>
	10.35 – 10.55	09.00 – 09.20	10.15-10.35	
